



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

ISSN 2074-899X



9 772074 899002

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№28

(860)

9 шілде

2021 жыл

6 ШІЛДЕ – АСТАНА КҮНІ

Еңсесі биік Елорда



ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҒҒЫРЫҒЫ

АРАЛДАҒЫ АПАТ

АУЫЛДЫҢ МАЛЫ СҮТЕГІН «АГЕНТКЕ» КЕТІП ЖАТЫР

Газетіміздің №25 санында «Жаздың жұты жанға батады» деген тақырыппен Қызылорда облысының Арал ауданындағы қуаңшылықты, табиғат апатынан қырылып жатқан төрт түлік малдың жайын жазған едік.

Егер әңгіменің түп-төркінін қазбаласа, қыс бойы қар түспей, көктемде жауын болмауының сыры Арал теңізінің өзінде, қала берді дария суының тартылуында жатыр. Жергілікті жұрт солай дейді. «Су шықса төңірекке бұл айналады» деген сөз бүгінде Аралдағы ауыл тұрғындарының әрбірінің аузында жүр. Талай жылдан бері мәселенің сырына қаныққан ел тегін айтпаса керек. Сол дария дейтін Сырдың суының қазір түбі көрініп қалған. Бір көздері теңіз жағасына қонған ауылдар қазір жапан түздің тұрғындары. Сайып келгенде, теңіздің тартылуынан кейін Сыр суының да саяздануы бар қиындықтың бастауы болып тұр десек, қайтерсіз?! Ауылдағы жұрттың қарапайым болса да пайымы осы. Хош.

(Жалғасы 3-бетте)



ЖЕДЕЛ СҮХБАТ

Күні кеше Қарағанды облысы Ұлытау ауданына қарасты бірнеше елді мекеннің жайылымдық, шабындық жерін өрт шалды. 1 шілдеде тұтанған қызыл жалын әлі де бой бермей, ауқымды жерді шарпып, сөнер емес.

Етозhez инстаграм парақшасында жарияланған видеода ересек жігіт пен жеткіншек және әйел адамның қолына іліккен мүлікпен жерді жалмап келе жатқан қызыл оттың алдынан шығып, сабалап сөндіріп жүргені көрінеді. Көз ұшында құтырған қызыл өрт бәрін тып-типыл етіп жұтып келеді. Осы парақшада тек Байқоңыр ауылының өзінде 300 бас мал қырылғаны жазылды. Әрине, бұл ресми дерек емес. Қызыл жалыннан Керегетас, Ойшыбар, Қалыбай, Демеубай, Сарысай, Қызылсай, Ермек ауылының да тұрғындары тілсіз жаудан зардап шегіп отыр.

Өрт аптаға ұласып, ырық бермей тұрғандықтан, жергілікті атқарушы билік өңірде төтенше жағдай жариялау туралы шешім қабылдады.

Өрттің тұтанып, сойқан салуына не себеп? Болмаса кім себепші? Адами фактор ма, әлде табиғи апат па? Мүмкін найзағай ойнап, жай оты селеуінің сөлі ағып, сырт-сырт сынып тұрған шөп атаулыға түсіп, лап еткізді ме? Көкейдегі көп сауалдың жауабын сұрап Қарағанды облысы Ұлытау аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері Медет Исмайловқа хабарластық.

ҚИНАЛҒАНДА ҚАСЫҢДА ТІРЕУ БОЛҒАН АҒАЙЫН



Jas qazaq: Ұлытау ауданында төтенше жағдай жарияланды. Арнайы комиссия құрылып, зардап шеккен тұрғындарға тигізген залалды есептейді. Тұрғындарға сақтық шарасын қатаң ұстанып, бейқамдықтан арылуға шақырды. Жолаушылап алыс жолға шықпасын деді. Әкімдік қырағы қадағалап, назарда ұстап отырмыз дейді. Өрттің тұтану себебі анықталды ма?

Медет Исмайлов: Әзірге нақты себебі белгілі емес. Сан түрлі болжам айтылды, табиғи апат, найзағай оты түсіп, өрт тұтануы мүмкін дейді.

Jas qazaq: 1 шілдеде тұтанған өртті сөндіруге төтенше жағдайлар бөлімінен, әкімдіктен жіберілген техника саны аз болғандықтан, өрт күш алып кетті деп отыр ауыл адамдары. Аптаға айналған жалынды сөндіруге қанша адам араласып жатыр?

Медет Исмайлов: Қарағанды облысынан да құрамның қызметкерлері келіп көмектесуде, жергілікті тұрғындар да тілсіз жауды тоқтатуға күш біріктірді. 600-ге тарта адам өрт сөндіруге араласты.

(Жалғасы 2-бетте)

ДОДА

БАҒЫҢ ЖАНСЫН, БАРЫСЫМ!



(Дүбірлі дода туралы 2-беттен оқыңыздар)



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
73,34

DOLLAR
427,4

EURO
504,9

РУБЛЬ
5,72



МЕРЕЙ

Астана күнінде «Qazaq: алтын адамның тарихы» фильмінің тұсаукесері болды. Туынды Елбасы мен америкалық режиссер Оливер Стоунның сұхбатына құрылған. Егемендік алғаннан кейін өліміз жүріп өткен жол Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың тағдырымен бірге өріледі. Солай болуы заңды да. Өйткені Тәуелсіз мемлекетіміздің отыз жылдық тарихы Ұлт Көшбасшысының өмірімен біте қайнасып жатыр.

кіріскен. Елбасымен ұзақ әңгіме-дүкен құрып, одан кейін ел ішін аралаған. «Менінше, өмірімдегі ең үздік туындыны жасадым» дейді Игорь Лопатенко.

Айта кету керек, бұл фильмді түсіруге мемлекеттік бюджеттен ешқандай қаржы бөлінген жоқ. Ағылшын тілінде түсірілген. Кинопрокатқа шыққанда әр елдің өз тілінде көрсету жоспарланыпты. Мәселен, Италияда итальян тілінде, Германияда неміс тілінде дегендей.

«Сіз Назарбаевты диктатор, мықты адам, елдің негізін салушы десеніз де өзіңіз білесіз. Бірақ ең соңында кенестік империяның күйреуі мен өз елінің тәуелсіздігі туралы әңгімелейтін қарапайым

қайсысының Қазақстанда өз мүддесі бар» дей келе: «Назарбаев осы «аспалы жолда» жүре алатын, адамдар арасында диалог орната алатын адам. Ол Украина жөнінде Ресеймен келіссөздерге қатысты. Назарбаев АҚШ-пен сөйлесе алады. Горбачевтің тағдыры шешілер сәтте ол билік транзитінің ың-шыңсыз өтуіне ықпал етті. Менің ойымша, Назарбаев 90-жылдары маңызды рөл атқарды. Сондай-ақ оның ядролық қарусыздану мәселесінде АҚШ-пен келіссөзі де зор маңызға ие».

Оның айтуынша, Қазақстанда дарынды жандар көп. «Бұл өте прогрессивті ел. Біз Қазақстанда көп өзгеріс болып жатқанын көріп отырымыз. Америкалық сарапшылар бұдан хабардар және Қазақстанмен одақтас болғысы келеді. Бұл ел барлық серіктестерімен достық қарым-қатынаста.



ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ «QAZAQ: АЛТЫН АДАМ ТАРИХЫ» ТУЫНДЫСЫ

Сұхбат тартымды болу үшін қызықты сауал қоя білу керек. Игорь Лопатенконың айтуынша, Стоун мұны жақсы меңгерген. «Назарбаев мырзаға кез келген сауал қоюға болады. Осыған көзім жетті. Әсіресе, Ресей, АҚШ және Қытай арасындағы тепе-теңдікке қатысты. АҚШ әлемді өз бақылауына алса, бұл барлығы үшін қауіпті болар еді. Мен Назарбаевтың бейбітшілікті жақтайтынын түсіндім», — дейді Оливер Стоун.

Фильм режиссері — Игорь Лопатенко, ал Стоун сұхбат алушы һәм продюсер. Өзінің айтуынша, осындай дүниені түсіруді 2015 жылы ойға алыпты. 2019 жылы түсіруге

адамды көресіз. Назарбаев Қазақстанның көшпенділік тарихы мен Еуразияның технологиялық болашағына тоқталады. Менінше, бұл — жарқын болашақ», — дейді Оливер Стоун.

Фильмде Тұңғыш Президент өзінің балалық шағы, КСРО-ның ыдырауы, Семей полигоны туралы баяндайды. Алтын адам тарихына тоқталады. «Біз құрлықтың дәл кіндігіндеміз. Бәрінің мүддесі осы арада тоғысады», — деген сөзі бар.

Көрсетілім алдында өткен брифингте Оливер Стоун «Қазақстан АҚШ-пен текетірескен Қытай мен Ресейдің қак ортасында жайғасқан кең-байтақ ел. Қай-

Бір-бірімізбен шайқасқанша, климаттағы өзгерісті енсеруге бірлесіп күш саулымыз керек екенін үнемі айтамын. Тұтас алғанда дипломатия құрылымын өзгерткен дұрыс», — дейді ол.

Сонымен америкалық кинорежиссер, сценарий жазушы һәм продюсер, «Оскар» сыйлығының үш мәрте иегері Оливер Стоунның «Qazaq: Алтын адам тарихы» туындысы көрерменге жол тартты. Деректі фильм сегіз бөліктен тұрады. Әрқайсысы егемен еліміздің шешуші кезеңдері туралы баяндайды.

Талап ТІЛЕГЕН

Жедел сұхбат

(Басы 1-бетте)

ҚИНАЛҒАНДА ҚАСЫҢДА ТІРЕУ БОЛҒАН АҒАЙЫН

Jas qazaq: Жалын шарпыған жердің аумағы шамамен неше гектар? Шығын болған малдың басы нақты белгілі ме?

Медет Исмайылов: 6 мың гектардан астам болуы мүмкін. Күштік құрамның бәрі де отты сөндіруге қол көмегін беруде. Қой-ешкінің өлгені — 200 бас. Биылғы төл саналатын он бас бұзау да өртеніп кетті.

Jas qazaq: Қазір шілінгір шілде. Алтап ыстықта тандайы кеберсіген адамдар табиғат аясына серуенге шыққанды, от жағып қазан асқанды, суға түсіп, салқындағанды қалайды. Өрт қауіпсіздігін қатаң сақтау жөнінде айтудай-ақ айтылады.

Медет Исмайылов: Иә, қоршаған ортаны қорғау, өрттен аман сақтау әркімге міндетті. «Біреудің қорасы өртенсе, бас үйтіп алайын» деген арам пиғылдан арылу керек. Құрғақшылық та қос өкпеден қысып келеді. Біздің ауданға жаңбыр селдетіп жаумағалы да айдың жүзі. Жер-Ана кеберсіп тұр. Шөп біткеннің қурап, сыртылдап сынып тұрған шағы, өрт тисе, лаулап ала жөнеледі. Тілсіз жаудың тигізер залалы орасан, электр және байланыс желісін де үзеді, жолындағының бәрін жайпап, жалмап өте шығады. Сондықтан әркім де өрт қауіпсіздігі қағидасын қаперінде сақтап, сақтық шарасын қатаң ұстануы керек.

Jas qazaq: Өрттің ырық бермеуіне құрғақшылыққа қоса, өрт сөндіру қызметі көлігімен жеткізетін судың тапшылығы да кесірін тигізді емес пе?

Медет Исмайылов: Қоскөл деген ауылдың манайындағы өртті сөндіру кезінде төтенше жағдай қызметкерлері мен өрт сөндірушілер суды шалғайдан, тіпті 30 шақырымдай жерден тасыды. Соның да әсері бар. Қазір от саябырсыды, халық болып жиналып, сөндіруге күш салып жатыр. Ағайынның арасындағы ынтымақ осындайда ғой. Жайылымдық жері өртеніп кеткен ауылдастарына басқа ауылдағы шаруа қожалық иелері өздерінің меншігіндегі жайылымдық, шабындық жерін беріп, көмек қолын созуда.

ЖҰТТЫҢ ЖЕТІ АҒАЙЫНЫН КӨРСЕТПЕСЕ ИП ЕДІ

Табиғи апаттың құрғақшылықтың қыл бұрауы буындырып тұрғанда, талмау түстен ұрғандай ауыр тигені анық өрттің. Қыстан әзер шыққан ағайынның жан бақтырып отырған малы көкке аузы іліне алмай, қала берді жаздың ыстығына ұрынып, қырылып жатқанда өрттің өршіп кетуі жығылған үстіне жұдырық болып тиді.

Өрт сөндіруге араласқан ауыл тұрғындары Қоскөлдің оңтүстік батысына қарай ұзап шығып, ауылдан 40 шақырымдай қашықта өртенген автокөлікті көрген. УАЗ мәшинесінің ішінде 1998 жылы туған адам да жанып кетіпті. Марқұмның өртті өшіруге келіп ажал күшқаны, өлде бара жатып, жолай жалынға ұрынғаны белгісіз. Өлімнің себебін анықтау аудандық полиция бөлімі қызметкерлерінің шаруасы.

Биылғы жылғы құрғақшылық адам баласының аңқасын кептіріп, шаруаға да, шаруашылыққа да жайсыз тиіп отыр. Мың түмен Маңғыстау жұртының бес жылдан бері қар көрмей келе жатқаны жанынды ауыртады. Көктен көздің жасындай болса да жаңбыр тамбай қуырып жіберген құрғақшылық төрт түлікті баудай түсіріп жатыр, түсіріп жатыр. Екі жүз бас қойынан екі қозы алған шопанның шапанын қалай жас жумайды? Айғыр үйір жылқысына бірде-бір құлын ілеспеу дегенді бұрын естіп пе едініз? Тістерге шөп түгілі жердің астындағы тамыры да жоқ болғандықтан еті ағып, сүйегі терісіне сүйеулі қалған малдың бағасын да базар қазір «жерге ұрды». Қызылорданың қуаңшылығы да, оңтүстіктің өзге өңірінің де омырауы суалып, көгі қуарып топырағы ұшып жатыр. Қалай айт, қай жағынан ақтап алсаң да, бұл жұт. Алла жұттың жеті ағайынды екенін есімізге салмай-ақ қойса, жарар еді...

Қуаныш РАХМЕТ

Дода

БАҒЫҢ ЖАНСЫН, БАРЫСЫМ!

4 шілде күні Нұр-Сұлтан қаласында, Жақсылық Үшкөмпіров атындағы жекпе-жек сарайында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жүлдесі үшін қазақ күресінен Х «Қазақстан Барысы» республикалық турнирі өтті.

Оныншы рет өткен бәсекеге еліміздің 14 облысынан, Алматы, Шымкент, Нұр-Сұлтан қалаларында іріктеуден өткен 36 үздік балуан қатысты. Қатысушы балуандардың 11-і жобадә тұңғыш рет бақ сынады. Балуандар Qazaq kuresi қауымдастығы бекіткен ережеге сай күресті.

(өз тілішіміз)



Ақтық белдесуде Шығыс Қазақстан облысы мен Жамбыл облысының балуаны кездесіп, бабы мен бағы тең түскен **Дәурен НҰРАЛИНОВ (ШҚО)** – «Қазақстан Барысы» атанды. Ал күміс белбеуді Ғалымжан Қырықбай иеленсе, қола белбеуді маңғыстаулық Нұрдеулет Жарығапов жеңіп алды.



Қазақстан Барысы 2021 – Дәурен НҰРАЛИНОВ

Жазылған жайдың жаңғырығы

(Басы 1-бетте)

ҚАЗІР НЕ БОЛЫП ЖАТЫР?

Енді осыған келейік. Қызылорда облысының Арал ауданында жалпы саны 23 ауыл бар. Оның кейбірі округ болғандықтан, қасында жанама шағын ауылдары тағы бар. Солардың ішінде 13-і жағдайының тым қиындығынан қызыл аймаққа жатқызылған. Барлығы да байырғы шалқар төңіздің бүгінгі шандақ табанына жайғасқан елді мекендер. Басқаша айтсақ, дала шөбінің 95 пайызы жарамсыз. Оның ішінде төртеуі: Құланды, Ақбасты, Қосжар және Мергенсай ауылдарында жайылым толығымен жарамсыз болып қалған. Ауданға қандай да бір көмек келсе, бірінші болып осы ауылдарға жөнелтілмек. Тағы алтауы сары аймақ деп бөлінген. Оларда шамамен 30-40 пайыздай дала шөбі бар. Тек 4 ауыл ғана жасыл, яғни қауіпсіз аймақта. Ол төртеуі ауданның құмдауыт қыр жағында орналасқан. Олардың алдағы күз бен қыстан аман шығатындай жағдайы бар деп саналады.

Жалпы табиғаттың осындай күйге түсері, елдің осылай тарығары о бастан-ақ сезілуі тиіс еді. Олай дейтініміз,

бірі Мергенсай екенін әкімдіктерілер бізге айтып берген-ді. Әкімдіктің уәдесі орындалып, ауылдарға мал азығы барғанша бұл қиыншылықтан пысықайлар біраз пайда тауып үлгерейін деп тұр. Осы күндері Аралға шығыс жақтан келетін халықаралық «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» күре жолының бойында жонышқа мен басқа да көк шалғын тиеген жүк көліктері жиі байқалады. Көмектен бұрын, саудаға апара жатқан шөп екені бесенеден белгілі жайт. Ой түкпірін ашып айтсақ, әкімдік тағы сылбыр кимылдап отырғанына күмән бар ма?!

ҮКІМЕТПЕН ҮМІТ БАР МА?

Қазір аудан жұрты төтенше жағдай жарияланады деген хабарды сарыла күтіп жүр. Шаруа жем-шөп жағынан көмектесумен бірге, өлген мал басына өтемақы болып қалар деген үміті басым. Әңгіме төркіні Маңғыстау облысына көрсетілген көмекте жатқаны жасырын емес. Ауыл шаруашылығы министрлігі қаржы министрлігінен сол жақтағы мал азығына керек деп 3,5 млрд теңге сұраған. Сөз арасына қыстыра кетейік, сұрауын сұрағанымен, бұл ауызша айтылған сөз күйінде қалып тұр. Ауыл шаруашылығы министрлігі журналистерді жинап, сұхбатында айтып берсе еде, қаржы министрлігіне әлі құжат жүзінде өтініш түспеген. Яғни осынша миллиард қаражат

кесіп айтты. Сол өлгендерінің арасында 10 жылқыдан алынған биологиялық материал гастропфилез ауруына теріс нәтиже көрсеткен.

Қызылорда облыстық ветеринария басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаев: «Мал ішетін құдықтардан және қосымша көлдерден сынама алынды. Одан бөлек, өлген жылқыдан және мүйізді ірі қарадан сынама алынды. Облыстық ветеринариялық зертханаға тапсырылды. Нәтижесінде теріс нәтиже көрсетті. Яғни эпизоотиялық ахуал тұрақты. Ауру жоқ. Қуаншылыққа байланысты мал қысқа өте күйсіз түскен. Соның есебінен болып отыр», — деп түсіндірді.

Осыдан соң өтемақы туралы сөз қозғалудың мәнісі жоқ. Бір жағынан, малдың неден қырылып жатқанын тәптіштей кеткеніміз де дұрыс шығар. Малшылардың айтуына қарағанда, біразы даладағы суатқа жақындағанда ұйыққа батып өлген. Шөл далада су қаксып жатқанда, азандай суы бар ылғалды жердің айналасы нағыз ажал апанына айналған. Ол бір себеп. Екіншісі, әр жерде көзге шалынған жаңадан шыққан көкті қуалап, топырағымен қосып жегендіктен, ішке құм қатқан. Екі себептің екеуі де табиғи апаттың салдары.

Естеріңізде болса, былтыр қыркүйек айында елімізде соңғы 15 жылда болмаған құс тұмауы тіркелген еді. Соның кесірінен қыркүйек–қазан айларының ішінде 7 облыста 870 мыңнан астам құс қырылды. Оның ішінде жеке аулада 26 жарым мың құс пен 3 құс фермасында 850 мыңға жуық қанатты арам қатты. Осылайша жоғары патогенді құс тұмауынан шамамен елдегі жалпы құс санының 2 пайызы жойылды. Соған байланысты үй құстарын мәжбүрлеп вакциналауға ветеринариялық препараттардың республикалық қорынан 4 жарым миллион дана вакцина бөлінген болатын. Бұл таза ауру салдарынан болғандықтан, өлген құс басына мемлекет өтемақы да берген. Бірақ бұл жолы мал басына қатысты бюджет қаражаты қарастырылмай отыр. Неге?

ҚАЙТПЕК КЕРЕК?

Ендігі қорқыныш, Аралда алдағы тіршілік қалай болары белгісіз. Жаз басталмай жатып қуаншылықтың қыспағын толайым сезініп болған жұрттың мына түрмен күз бен қыстан аман шығарына көңілі

иланбайды. Жергілікті әкімдікке сәлсақ, қазір жағдай қалыпқа түскен көрінеді. Енді қыстың қамына кірісіп жатыр–мыс. Бірақ жағдайдың әлдеқайда ауыр екеніне ауылдарға барып, көз жеткізу қиын емес. Жайылымды еркімен жүріп, жер шаңғайын шарлап жүріп табатын жылқының өзі арық–тұрық. Жаздың бел ортасына әлі жете қоймаса да ку сүйек күйде. Табиғат заңы бойынша дала шөбі жаз ортасында қурай бастауы керек еді. Қазір құрамақ түгілі, қансып қалған қу топырақ пен қатқан тақырдан енді шөп шығады деп дәме қылу бекершілік сияқты. Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы жүргізген сараптама қорытындысы топырақтың ылғалдылығы ең төменгі мөлшерде екенін анықтай берді. Яғни құмда құнар жоқ. Алда-жалда нөсер құйып өтсе де, көкорай шаңғы бұл маңнан көрінбесі анық. Қайтпек керек?

Жағдайдың осылай ұшығарын білген көреген шаруаның біразы сонау сәуірдің кезінде-ақ шөбі шүйгін ауылдарға



көмегі дегенде біздің осыдан артық естіген ақпаратымыз жоқ. Оның өзі біле білсек, елордадан келетін қаражат емес, облыс бюджетінен жырымшылап бөлініп келетін дүние. Қалған шаруаның бөрі бітеліп қалған су көзін ашу, көршілерден келетін жем-шөптің бағасын көтертпеу сынды аудан әкімдігінің денгейіндегі тіршілік. Мал азығына қатысты көмектің кескіні осы.

Шығын болған мал басына келсек, ол да күйреп жатқан арал жұртының өз басындағы қайғы болып қала бермек. Төтенше жағдай жарияланғанымен, оның өз тәртібі бар. Ал өтемақы туралы жоғары жактан ешкім әңгіме қозғап отырған жоқ. Асылы, шөп сатып әперудің өзін жарытпай отырғанда өлген малдың құнын жоқтау биліктегілер үшін тым шектен шыққандық болып саналса керек. Өйткені, бұл тұрғыдағы әңгімеге үзілді-кесілді жауап бар. Өтемақы қарастырылмаған, сөз осымен бітті. Әлбетте, қалыпты ережеге ешкім қарсы келмеу керек. Өтемақы болу үшін, тұжыты мен мүйізді малдың бөрін қырып салған эпидемия жүру керек. Ал Аралда ондай бөле жоқ. Ендеше бұл жұтаған жұрттың өтінішінен оңай құтылуға тамаша себеп емес пе?! Мәселенін осы тұсына келгенде жергілікті ветеринар мамандар да малдың басқа-басқа емес, тек аштықтан қырылғанын арнайы сараптамамен дәлелдей түсті. Жануарлар су ішетін құдықтар, көлдер мен ұңғымалардағы су құрамын зерттелген. Оның қорытындысы бойынша, судың тұздылығы қалыпты деңгейінен асып кеткендігі анықталып отыр. Былайша атқанда, су ашып кеткен. Алайда ветеринарлар төрт түліктің арам қатуының себебі улану еместігін бірден

Ербол ТҰРЫМБЕТ, КТК тілшісі
(арнайы Jas qazaq үшін)
Қызылорда облысы

Басты

Әлемдік спорт бұкмекерлердің қолдауы арқасында қарқынды дамып келеді. Бұдан отандық командалар да қалыс қалған жоқ. Қазір кез келген чемпионатта бұкмекер кеңсесінің атауы жазылған форма киген ойыншыларды көреміз. Теледидардан тікелей спорт жарысы өтіп жатқанда, бұкмекерлік кеңсенің жарнамасы да жиі көрсетіледі. Таң қалатын ештеңе жоқ. Қазір ірі бұкмекерлік компаниялар, спорт клубтары мен федерациялар арасындағы ынтымақтастық әлемдік трендке айналды.

БУКМЕКЕРЛЕР СПОРТТЫ ҚОЛДАЙДЫ

Спорт клубтары, командалар мен тіпті ойыншылар спортқа тігітін бәсті белсенді жарнамалауда. Қазір бұл жарнаманы эфирдегі кез келген спорт жарысынан көруге болады. Нәліктен мұндай үрдіс қалыптасты? Бұл арада тікелей, керек десеңіз, математикалық байланысты көруге болады. Жанкүйер көп болса, бәс тігетіндер де көбейеді. Демек бұкмекерлік компаниялар тарапынан да спорт клубтарына демеушілік артады.

қызметке жағдай жасайды. Мемлекет оларға салық жеңілдігін ұсыну арқылы спортқа қолдау көрсетуіне мүмкіндік береді.

АЛ БІЗДЕ ШЕ?

Қазақстан да шет қалған жоқ. Бұкмекерлік компаниялардың спортқа қолдау көрсетуі біздің елге де жетті. Жоғарыда айтылған ғаламдық 1xBet компаниясы бұдан былай «Қайрат» футбол командасына



Батыс елдерінде спорт жанкүйерлерінің 40 пайызы матч нәтижесіне күнделікті бәс тігеді. Ол жақта спорт бәсекесіне жаппай ставка қою — қалыпты жағдай. Мұның өзі спорттың қарқынды дамуына серпін береді. Бұкмекерлер жыл өткен сайын спорт командалары мен клубтарды қолдауға қаржыны көбірек жұмсай бастады. Барлығы дән риза. Соның ішінде мемлекет те. Бұкмекерлік саланы құмар ойын саласына жатқызатындар қаншама жерден алып, жерге салса да, үлкен спортқа бөлінетін қаржы қолдауы — жағымды құбылыс. Мұнымен таласа алмайсың. Соңғы жылдары дамыған елдердің үкіметі бұкмекерлік компанияларға тиым салудың орнына, қолдау көрсетуі де бекер емес.

БӘРІНЕ ДЕ ТИІМДІ

Әлбетте, мұндай демеушілік аяқ астынан пайда болған жоқ. Бұкмекерлер кәсіби спортпен бірлесіп жұмыс істегісі келеді. Олар чемпионат пен ойын атаулының таза өткеніне мүдделі. Себебі осы саладағы сыбайлас жемқорлық, өзара келісілген ойындар болжам индустриясын зор шығынға ұшыратады. Алаяқтар алдын ала келісім жасап, ірі көлемде бәс тіккен кезде бұкмекерлік компаниялар қомақты қаржысынан айырылады. Алайда беттинг компаниялар (әр түрлі саланы қамтитын бизнес) мұның да шешімін тапты. Бұл — белсенді демеушілік пен клуб басшыларымен тығыз байланыс. Ірі клубтар мен командаларға демеушілік ету арқылы бұкмекерлер оларды бақылауға мүмкіндік алды.

Бұл арада клуб қожайындарының мүддесі де түсінікті. Жанкүйер көп болса, сүйікті командасына бәс тігетіндердің қатары көбейеді. Соның нәтижесінде матчтан тікелей түсім көп болса, демеу қаржы да ұлғаяды. Спортшылар үшін де, бұкмекерлік компанияларға да тиімді.

Міне, сол үшін де Батыста беттинг құлашын кең жайды. Қазір тек АҚШ–тың өзінде бұкмекерлер жыл сайын 10 миллиард доллардан астам қаржыны демеушілікке жұмсауда. Ал әлем бойынша ол сома 100 млрд доллардан асып түседі.

Соңғы жылдары атакты клубтар мен бұкмекерлік компаниялар арасындағы ынтымақтастық туралы жиі естиміз. Мәселен, осыдан екі жыл бұрын «Барселона» футбол клубы мен 1xBet бұкмекерлік компаниясы ынтымақтастық жөніндегі келісімшартқа қол қойды. Жыл сайын ондаған бұкмекерлік компаниялар әлемдегі ең мықты клубтармен келісімге келеді.

Бұкмекерлер тарапынан құйылған миллиардтаған қаржы спорт клубтары мен федерацияларға зор мүмкіндіктер сыйлайды. Жастар спорт академиялары, жасөспірімдер спортты, паралимпиадалық қозғалыс қарқынды дамып жатыр. Жаттықтырушылар мен негізгі ойыншылардың жалақысы өсуде.

Үлкен спортқа қосымша қаржы құйылғаннан кейін, оның сапасы мен тартымдылығы артты. Спортшылардың кәсіби деңгейі жоғарылады. Ең бастысы, спорт саласындағы сыбайлас жемқорлықтың жолы кесілді.

Бұл билікке де тиімді. Өйткені спорттағы жетістіктер сол мемлекеттің әлемдегі беделін көтереді. Сондықтан да дамыған елдерде бұкмекерлік қауымдастықтар мемлекет қолдауына ие. Билік олардың жұмысын тиімді түрде реттеуді қамтамасыз етіп, демеушілік

демеушілік етеді. Компания өкілдері айтқандай, мұндай ынтымақтастық компанияны спортта танымал етуі тиіс.

Аймақтағы спорт командаларына демеушілік ету арқылы бұкмекерлік компаниялар спортшыларға қолдау көрсетеді. Бұл аз қаржы емес. 2019 жылы бұкмекерлер қауымдастығы отандық спорттың дамуына миллиард теңгеден астам қаржы жұмсады. Әйтсе де, демеушілер мұны жарнамалауға асықпайды. Олардың мақсаты — отандық спортты дамыту.

Бүгінде отандық бұкмекерлік компаниялар — футбол, хоккей, баскетбол командалары мен ірі спорттық жарыстарға демеушілік етеді.

Олар жастармен белсенді қарым-қатынас орнатты. Атап айтқанда, жастардың киберспортқа қызығушылығын ынталандырады. Бұкмекерлік кеңселерде тек кәсіби емес, әуесқой спорт түрлері де назардан тыс қалмайды. Олар балалар мен жасөспірімдер спортын дамытудың жергілікті жобаларын қолдайды. Мысалы, аудандарда футбол алаңдарын салады.

Жақында Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданының бірнеше ауылында және Алматы облысы Карасай ауданының Райымбек ауылында қазақстандық бұкмекерлік қауымдастықтардың қаражатына салынған футбол алаңдары ашылды.

«Ауыл Футбол» жобасының жетекшісі Серік Мәмбетов шағын болса да ең заманауи стандарттарға сай жабдықталған, балаларды жаттықтыруға арналған гимараттар салынып жатқанын айтады. Бұкмекерлік қауымдастықтар мұнымен шектелгісі келмейді. Таяу арада еліміздің барлық аймақтарында балаларға арналған футбол алаңдары пайда болады.

Бұкмекерлер спортты дамытуға ғана демеушілік жасап отырған жоқ. Олар түрлі әлеуметтік жобаларды да жүзеге асыруда. Мысалы, 2020 жылы пандемия кезінде өзін-өзі басқаратын бұкмекерлер қауымдастығының «Дыши.kz» жобасы жұртқа кенінен танылды.

Жобаға қатысушы бұкмекерлік компаниялар медициналық ұйымдар мен облыстық, аудандық ауруханаларды коронавирустен күреске қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етті. Аурухананы жаңа құрылғылармен толықтырып, ПТР–тест, қорғаныс киімдері мен медициналық қажетті заттарды тегін таратты. Балалар үйіне көмек, жасөспірімдер арасындағы спорт жарыстарына демеушілік ету де жоба аясында жүзеге асты.

Енді осы жерде мынадай сауал туындайды: мемлекет бұған қызығушылық таныта ма? Біздің мемлекетке спорттағы биік жетістіктерді дамытуға қосымша демеушілік керек пе? Шенеуніктер бұкмекерлік компаниялардың спортты ынталандыруы мен спорт федерацияларына қолдау көрсеткенін хабардар ма? Дамыған мемлекеттер сияқты, спорттағы сыбайлас жемқорлық пен өзара келісілген матчтарға бұкмекерлік компаниялармен бірлесіп күресуге мүдделі ме?

Әзірге ондай қызығушылық байқалмайды. Керісінше, бұкмекерлік кеңселерді арнайы ойын аумақтары «резервациясында» ұстағысы келеді. Бәлкім, отандық спортқа бұкмекерлердің қаржысы қажет емес деп санайтын шығар. Қайткенде де, бұл әлемдік үрдіске сай келмейді.

Олжабек БАЙҚАТОВ

Жастар

Шіліңгір шілденің алғашқы аптасына да аяқ бастық. Еліміздің үшінші мегаполисінде оқушылар мен студенттердің жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында жан-жақты жұмыстар атқарылуда.

«2021 жыл – Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдау жылы» болып жарияланғанын жақсы білеміз. Карантиндік талаптарды сақтай отырып, балалар мен жастардың бос уақытын тиімді өткізу үшін жасалған ікімді тірліктің бірі деп Шымкенттегі 10 кітапхананың жаңғыртудан өткізілгенін айтар едік. Оның алтауы бір ай бұрын, үшеуі Елорда күніне орай пайдалануға берілді.

«Мәдениет саласында кітапхана желісін жаңғыртуға көп көңіл бөліп отырмыз. Бүгінгі таңда 6 кітапхананы модернизациядан өткіздік. Оның ішінде орталық Әл Фараби кітапханасы бар. Жыл соңына дейін тағы 4 кітапхананы жаңғырту жоспарда тұр. Өздеріңізге баяндағанымдай, кітапханалар «отбасылық кітапхана» концепциясымен дамып жатыр». Шымкент қаласының әкімі жыл басында халық алдында берген есебінде қала тіршілігінде мәдениеттің алар орны ерекше екендігін айтқан болатын.

Қазіргі технологияның дамыған заманында жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру бірден-бір қол жеткізілуі тиіс мақсаттардың бірі десек, бүгінде елімізде кітап оқу ісіне мемлекеттік және қоғамдық қолдау көрсетілуде.



Осыған орай, жыл басында жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Шымкент қаласының кітапханаларын дамыту және жаңғырту» бағдарламасы дайындалған болатын. Бағдарлама аясында еліміздің Ұлттық кітапханаларына қолжетімді болатын тұңғыш мемлекеттік цифрлық портал құру, кітапханалардың Жарғысына өзгеріс енгізіп, Әл Фараби атындағы ғылыми-әмбебап (*Отырар*) кітапханасын — әлемнің электронды кітапханалық жүйелеріне қосып, ғылым мен өнердің орталығы болып, қайта жаңғырту көзделді. Сондай-ақ бағдарлама шеңберінде көпшілік кітапханалардың орталықтандырылған жүйесі саналатын Абай атындағы кітапханаға — заманауи дизайн, жана технология мен концептуалдық толықтыру енгізу жоспарланған-ды.

Одан өзге, аталған бағдарламаға сәйкес, келесі жылы дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне орай «Kitarfest», төрт маусымдық «Bookomania fest», «Бізді кітап біріктіреді» акциясы мен баспагерлер жәрменкесі, кітаптарды реставрациялау, буккроссинг, жасыл экономика секілді шаралар ұйымдастырылды.

Сонымен қатар қалалық кітапханаларда кітап оқуды насихаттау мен дамытуға бағытталған әдеби көштер, жазушылар және акындармен кездесулер, лекциялар, дөңгелек үстелдер, тақырыптық кітап көрмелері секілді іс-шаралар үздіксіз ұйымдастырылып келеді.

Мәселен, Жасөспірімдер кітапханасы қалалық қоғамдық көліктерде «Bookway 2020» әдеби жылжымалы кітапханасын ұйымдастырды. Іс-шарада тек кітап оқу насихатталып қана қоймай, Абай образындағы өртис қала тұрғындарына Абайдың қара сөздерін оқып, әндерін орындап, сұхбат жүргізген.

Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының басшысы Ханзада Есенованың айтуынша, бүгінде қаладағы кітапханалардың қызметіне талдау жұмысы жүргізілуде. Кітапханаларды одан әрі жетілдіру, жаңғырту мақсатында 2021 жылы бірқатар жұмыстар атқарылады. Атап айтқанда, биыл 10 кітапхананы — Отырар, жасөспірімдер кітапханасы (*шығармашылық орталығымен бірге*), Абай кітапханасы (*№5, 8, 11 филиалдарымен бірге*), балалар кітапханасын (*№2, 8 филиалдарымен бірге*) жаңғыртудан өткізу жоспарланған.

Жалпы Шымкент қаласында кітапхана жеткілікті. Алайда басым бөлігі қаланың орталығында орналасқан. Шалғайдағы елді мекендерде жоқтың қасы. Осыған байланысты басқарма басшысы ендігі кезекте шағынаудандар мен елді мекендердегі лайықты мекемелерден кітапхана филиалдарын ашуды ұсынды.

Х.Есенова: «Кітапханалар жұмысын онтайландырудағы тағы бір мәселенің бірі — оқырмандардың кітап алуы және өткізуі. Қазір кітапты өзіңмен бірге үйге алып кету үшін міндетті түрде жеке куәлікті қалдыру керек. Бұл келушілерге қолайсыздық тудырады. Сол себепті әрбір адамға оқырман билетін қарточка түрінде 5 минутта шығарып беретін жүйе орнату керек деп санаймыз. Осы жүйенің көмегімен оқырман туралы, алған кітабы туралы ақпарат сақталады. Бұл кейін оқырман санын, сұранысқа ие кітаптар тізімін жасауда үлкен көмегін тигізеді», — деді.

Шымкентте 2018–2020 жылдары аралығында кітапханаларды жабдықтауға, жөндеуге және басқа да күтіп ұстау шығындарына жеткілікті деңгейде қаржы қарастырылған.

АЛҒАШҚЫ ОТБАСЫЛЫҚ КІТАПХАНА

Еліміз бойынша алғашқы отбасылық кітапхана Шымкентте Наурыз мерекесінің қарсаңында пайдалануға берілді. Аталған

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

кітапхананың ерекшелігі сол, отбасымен бірге тиімді уақыт өткізуге және балалар демалысы үшін қолайлы жағдай жасалған, яғни «үй үлгісіндегі» жана форматтағы кітапхана деуге болады. Мұнда әдеттегі оқу орындары шеңберінен шығып, үйірме жұмыстарын жүргізуге, іс-шаралар өткізуге, коворкинг, қауымдастықтар мен клубтарды дамыту мүмкіндігі бар комьюнити орталық болып саналады. Дегенмен, бұрынғыша оқу мен жұмыс істеу үшін ыңғайлы орын болып қала береді.

Тұрғындар мұнда тек кітап оқумен қоса, шахмат, тоғызқұмалақ ойнап, әңгіме-дүкен құра алады. «Кітапханаға қалай барсам болады» деп сұрай қалсаңыз, Забадам шағынауданының әрбір тұрғыны ойланбастан жөн сілтейді. Өйткені кітапхана ғимараты алыстан көз тартады. Отбасылық орында жайланып отырып, кітап оқуға барлық жағдай жасалған. Жұмсақ жиһаз, жанға жайлы әуен, айнала толы кітап. Жоба авторы Кристина Бекмурзаеваның айтуынша, жеке тұрғын үй секторында да осындай қызықты әрі креативті орындар жасауға болады. Бұл жергілікті тұрғындарды әр нәрсеге тың көзқараспен қарауға үйретеді. Ал кітапханашы

КІТАПХАНА – БІЛІМГЕ БАУЛИТЫН ТӘРБИЕ МЕКТЕБІ

Нина Сечина оқырманына кітап туралы бағдар беріп келе жатқанына 42 жылдай уақыт өтіпті. Кітаптарды көздің қаршығындай сақтап жүрген маман білім бұлағы дәл осылай жанартылады деп ойламапты. Ол тар әрі ескі оқу залдарының заманауи демалыс орнына айналғанына қуанышты.

Нина Сечина: «Мұнда ата-аналар балаларымен бірге келсе екен дейміз. Өйткені кітапхана — балаларды білімге баулитын үлкен тәрбие мектебі.

Шымкентте кітапханаларды дамытудың жана тұжырымдамасы мақұлданған. Оған сәйкес, дәстүрлі кітапхана ұғымының аясы кеңейе түсті. Мұнда далада әңгімелесіп, ойнауға арналған орын жабдықталған. Жұмыс уақыты да көпшілікке қолайлы болмақ», — дейді.

Алғаш рет Шымкентте ашылған жана форматтағы мұндай кітапхана жастардың танымын кеңейтіп, қажетті ақпарат алатын орынға айналмақ. Отбасына арнап берілетін абонемент ата-ана мен баланы жақындастырып, уақыттарын тиімді өткізуге септігін тигізері анық.

«Отбасылық кітапхананың» 35 мың кітап қоры бар. Бұдан былай балалар кітапханаға ата-аналарымен, ата-әжелерімен келіп, уақытын тиімді өткізе алады. Тек кітап оқып қана қоймай, спорт және шеберлік үйірмелеріне қатысуға мүмкіндігі бар. Сонымен қатар ата-анасымен кітапханаға ең көп келген балалар зообаққа, цирк қойылымдары мен мәдени орындардағы шараларды тегін тамашалай алады. Кітапсүйер қауымды қуантатын тағы бір жаналық, мұнда келушілерге отбасылық психология және бизнесті жүргізу бойынша тақырыптық секциялар ұйымдастырылады. Сондай-ақ тұрақты оқырмандарға Шымкент қаласының Мәдениет басқармасы өткізетін ойын-сауық іс-шараларына, спектакльдерге тегін билеттер ұсынылмақ. Жоба авторлары, алматылық «Креативті бюро» командасы әр түрлі жас топтағы келушілердің қажеттіліктерін ескере отырып, жаңғыртылған кітапхананың дизайны мен интерьеріне үлкен мән берген.

КОФЕ ІШІП, КІТАП ОҚЫҢЫЗ!

Қайта жаңғыртудан өткен Абай атындағы қалалық орталық кітапханасының ашылу салтанаты Қала күнінің қарсаңында өтті. Бұл тарихы терең кітапхана кенестік кезеңде



М.Горький атындағы кітапхана болған.

2005 жылы ұлы ақын Абай Құнанбайұлының есімі берілген-ді. Бүгінде 23 филиалы, 500 мыннан астам кітап қоры бар. Тарихи маңызы бар кітапханадан 1925–55 жылғы тарихи кітаптарды, оның ішінде Достоевскийдің кітаптарын, қолжазбаларды кездестіруге болады.

Бұл жердің де басты артықшылығы — барлығы еркін форматта ұйымдастырылған. ХХІ ғасырдың жастарын заманауи стильдегі кітапханаға кіргізіп, кітапқа үнілдіру үшін барлық жағдай жасалған.

Кофе не шәй, сусын ішкісі келсе, кіреберісте кофе-брейк алаңы ұйымдастырылған. Таза ауада кітап оқысы келсе, террасада отырып оқуға болады. Жантайып оқысы келсе, жұмсақ дивандар тағы бар. Әріптестерімен емін-еркін әңгіме-дүкен құрғысы келсе, оқырмандар залында оған да мүмкіндік бар. «Music and Art Community Space» залының жана жұмыс жүйесі, кофехана, сондай-ақ ғимарат сыртындағы «Абай» муралы, бәрі-бәрі өзгеше стиль, жана реңк.

Әл Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы да модернизациядан өткізіліп, бүгінде мүлде басқа кейіпке енген. Оған дейін «Отырар» атын иемденген орталық заман талабына сай оқырмандарға қызмет көрсету ісінің озық жетістіктеріне қол жеткізіп отыр. Жыл басында кітапхананы қайта жабдықтау бойынша жұмыс тобы құрылып, концепцияны жасауға қарабитанушылар, тарихшылар, республикалық белгілі кітапханашылар тартылды. Концепция негізінен жеті бағытты қамтыды. Кітапхананың залдары ұлы ойшылдың зерттеген ғылыми бағыттарына арнап жабдықталды. Атап

КІТАПХАНА – БІЛІМГЕ БАУЛИТЫН ТӘРБИЕ МЕКТЕБІ

айтқанда, ақыл-ой ғылымдары, музыка, жаратылыстану, тіл ғылымдары, логика, құқықтану ілімдері бойынша безендірілді.

Рухани шаңырақ халыққа кітапханалық-библиографиялық, ақпараттық қызмет көрсетуде. Бүгінде кітапхана қорында 400 мыннан астам кітап пен 6546 дана электронды қоры бар. Ал оқырмандар саны -18 600-ды құраса, келушілер саны — 128 000, кітап берілімі 216 000. Мұнда 96 қызметкер еңбек етеді.

Кітапхана қазіргі таңда Қазақстанның ұлттық электронды кітапханасы және кітап.kz қорын толықтыруға белсене атсалысуда. Цифрлық заманда кітапхана мобилді, смартжоба — QR -кітапхананы жүзеге асырды. Бүгінде 60-қа жуық жергілікті авторлардың көркем шығармаларын



оқырмандар кітапхана сайтындағы штрих-код арқылы оқи алады.

Кітапханада оқырмандардың қызығушылығына орай, «Жас түлек», «Бәрін білгім келеді», «Мұрагер», «Дидарласу» Libclub «Глобус» мүдделестер клубтары жұмыс істейді. Дәл қазіргі шілденің кезінде «FARAB» — балалар жазғы лагері жұмыс істеп жатыр. 6-14 жас аралығындағы балаларға таңғы жаттығу, ағылшын тілі, кітапханаға экскурсия, сурет салу, көңілді эстафета, қуыршақ театрының қойылымы, кітап оқу сағаты, тмибилдинг (*табиғат аясында танымдық ойындар*). «Планетарий залында» танымдық фильмдер тамашалау, балалар жазушыларымен кездесулер, мақал-мәтел сайысы, көркем әдебиет оқу, «Кім тапқыр?» ойыны, Шымкенттің тарихына қатысты танымдық ойындар, «Әл Фараби.2D» анимациялық телехикасын тамашалау және т.б. танымдық, рухани және мәдени бағдарламалар ұсынылуда. Атты күн бойы балалар смартфоннан белгілі бір уақыт арылып, рухани азық жинап жатыр.

Кітапхана қала аумағындағы кітапханалар үшін ғылыми-әдістемелік орталық болып табылады. Кітапханаға «Ашық» қосымша жүктемесі арқылы кіруге мүмкіндік бар. Мамандар кітапханаларды модернизациядан өткізу арқылы оқырмандар саны 4 есеге дейін көбейетінін алға тартады.

АСЫҚ ОЙНАҒАН ОЗАДЫ

Бүгінде Шымкент қаласында кітапханалардан бөлек, мәдениет нысандарында жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ «ShymQala» этноауылы да ел игілігіне берілген. Этноауылда жыл бойы қала тұрғындары мен контактарына түрлі мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізілетін болады. 2200 жылдық тарихы бар көне қала шымышаһар Орталық Азияда тарихи өзегін сақтап қалған жалғыз қала десек, «ShymQala» тарихи-мәдени кешені заманауи мегаполистің тарихи жүрегі десе артық айтпаймыз. Қазіргі таңда кешенде рухани мәдени мұраны насихаттау бойынша түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, халық назарына ұсынылуда. Оның ішінде ұлттық ойын түрлерінен шеберлік сағаттарын мақтанышпен айтсақ, жарасады. «Shymqala» этноауылында Шымкент қаласының ұлттық және ат спорт түрлері бойынша кешенді спорт клубының «Тоғызқұмалақ» секциясының

маманы Роза Нұржанқызы Бектұрсынова балаларға тоғызқұмалақ ойынынан мастер-класс өткізіп жүрген жайы бар. Жастар арасында аталған ойынға деген қызығушылық артып, белсенділік танытуда.

Тоғызқұмалақ біздің ұлттық құндылығымыз, асыл мұрамыз. Біз тоғызқұмалақтың мәдени мұра ғана емес, жастардың зердесін, ойлау жүйесін жетілдірудегі маңызды зияткерлік спорттық ойын түрі. Міне, бұл — тоғызқұмалақ ойынының басты ерекшелігі. Басқа спорттық ойындардан айырмашылығы — бұл ақыл-ой ойыны. Қазіргі



ақпараттық технологиялар заманында келешек ұрпақтың тек мектеп пәндері арқылы ғана емес, осындай ұлттық ойындарымыз арқылы өзінің ойлау қабілеті мен зердесін дамыта білуі зор жетістік болар еді. Әрине, тағы бір ерекшелік, қазіргі жаһандану заманында біз өзіміздің мәдени ерекшеліктерімізді сақтап қалу үшін де мәдени мұраларымызды жаңғыртуымыз қажет.

Шымкент қаласының ұлттық және ат спорт түрлері бойынша кешенді спорт клубының «Асық ату» спортынан аға жаттықтырушы Ердоc Нұржанұлы Әбдімұратов келушілермен асық ойындарынан жарыс өткізіп жүр.

Асықтың бала өміріндегі маңызы орасан зор. Асық ойындарын ойнау кезінде баланың түрлі танымдық қабілеттері дамып денсаулығы нығаяды. Асық ешбір зиянсыз табиғи зат болып табылады. Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған осынау асық ойындарының түрлері өте көп. Барлығы да денсаулықты жақсартып қана қоймай, түрлі танымдық қабілеттерді дамытады. Асық ойындары арқылы балаға тәрбие беру — ең жанашыл бағыттардың бірі. Ұмытылып бара жатқан ұлттық асық ойындары арқылы

баланы тәрбиелеу — тәрбиешінің құнды мұрамызды жаңғыртудағы қосқан бірден-бір түзу қолы.

Бұлардан бөлек, «Shymqala» этноауылында «Жеті қазына» атты балаларға ұлттық ойындар ойнатылады. Балалар төрт топқа бөлініп, Тәуелсіздік саябағындағы көмбеге жасырылған жеті қазынаны іздеп табады. Этноауылда балалар «асық», «теппе», «асау мәстек» ұлттық ойындарын

ойнаса, «садақ ату», «ат ерттеуден» жарыс ұйымдастырылады.

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ПИЛОТТЫҚ ЖОБА

Шымшаһардағы оқушылар мен жастардың уақыты бос өтіп жатқан жоқ. Олардың уақытын тиімді пайдалануға барлық жағдай жасалған. Үшінші мегаполисте шілде айынан бастап, балалар спорт секцияларын жан басына қаржыландыру енгізіледі. Шаһардағы қосымша шығармашылық және спорт үйірмелерімен қамтылмаған балаларға арналған жана пилоттық жоба іске асады. Бұл жоба ақылы үйірмелерді субсидиялау арқылы қала жастарын салауатты өмір салтын ұстануға ынталандырмақ. Қалалық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Бауыржан Қалмұхамедұлының айтуынша, қалада бос уақытын тиімді өткізбейтін 76 176 бала анықталған. Жана жоба аясында мемлекет спорт секцияларына баратын жастардың шығындарының басым бөлігін өз мойнына алады. Ал ата-аналар қызмет көрсетушіні таңдау және оның қызметіне баға беру құқығына ие болады. Шығындар баланың тұрғылықты жерін, спорт түрін, қызмет көрсету әдісін және өзге де бірқатар факторыды ескере отырып, бекітілген тарифпен төленеді. Бұл тапсырыс аясында, кәсіпкерлер мемлекет есебінен спорттың 71 түрі бойынша қаржыландырылып, 4 жастан 18 жасқа дейінгі балалар өздерінің таңдауы бойынша спорт секцияларында тегін жаттығады. Ол үшін кәсіпкерлер мен ата-аналар artsport.edu.kz порталына тіркеліп, электронды қолтанба арқылы өтімін беруі тиіс.

2021 жылдың 6 айында қалада дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде шұғылданатын азаматтар саны 324690 адамды құрап отыр. Бұл қала тұрғындарының 30,6 пайызы деген сөз. Ал қосымша шығармашылық және спорттық үйірмелермен қамтылмаған балалар саны — 76 176. Шаһарда спорт үйірмелерін жан басына шаққандағы қаржыландыру арқылы бұқаралық спортпен шұғылданатын жастардың қатарын арттыру көзделіп отыр. Шымкенттік өрендер шілде айынан бастап жана жоба аясында ақылы үйірмелерге тегін бара алады. Бұл ретте мемлекеттік спорттық тапсырысты жүзеге асыру мақсатында 2021 жылдың 6 айында (*шілде-желтоқсан*) 4096 баланы, оның ішінде 96 мүмкіндігі шектеулі баланы спорттық үйірмемен қамтамасыз ету жоспарлануда. Ол үшін қажетті қаражатты кәсіби спорттан бұқаралық спортқа қайта бағдарланатын қаржы есебінен қарастырылады. Биыл спорттық тапсырысты қаржыландыру үшін 339 823 606,1 теңгеге қажеттілік туындауда.

Мәриям АЙТБАЙ,
Шымкент қаласы

Бірлік

Халқымызда «Отан – отбасынан басталады» деген тамаша сөз бар. Ол отбасын құрған екі жастың ұлты, тілі, ділі және дінімен өлшенбейді. Егер отбасындағы тәрбие береке, бірлік, адамгершілік, сыйластықпен құралса, оның діңі берік, болашағы нұрлы болады. Жаркент – 42-ден астам этнос өкілдері ортақ тіршілік етіп жатқан құтты мекен. Олардың арғы ата-бабалары осы берекелі жерден бақытын да, отбасын да тапты. Жергілікті тұрғындармен егістікте, бау-бақшада және фермаларда еңбек етті. Еркіндік пен тәуелсіздік үшін күресіп, егемен Қазақстанның өркендеуіне қомақты үлес қосты.

Панфилов ауданындағы этномәдени бірлестіктердің өмірі қызықты және көңіл көншітеді. Олар бір үлкен отбасының мүшелері ретінде мемлекеттік және ұлттық мерекелерді атап өтеді, бір-біріне көмек көрсетіп, қолдау көрсетеді. Әрбір этнос басқа халықтардың тарихына, өзіндік мәдениетіне құрметпен қарайды. Ата-бабалардың мәдени мұрасын ұрпақтарға жеткізуге ұмтылады.

Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, ҚР Президенті Әкімшілігінің ҚХА хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов Панфилов ауданында болып, ұйғыр, славян және дүнген этномәдени бірлестіктерінің өкілдерімен кездескенде осындай сүттей ұйыған ынтымақты көріп, олардың алдағы жетістіктеріне сәттілік тіледі. Жиынға ҚХА Төрағасының орынбасары, облыстық мәслихат депутаты, ұйғыр этномәдени орталығының облыстық филиалының төрағасы Зәкіржан Кузиев, Қазақстан ұйғырларының республикалық этномәдени орталығының төрағасы, ҚХА Кеңесінің мүшесі Шаймардан Нұрымов, облыс әкімінің орынбасары Батыржан Байжұманов қатысты.

Алматы облысы орналасқан аумақты халқымыз ежелден «Жер жәннатты – Жетісу» деп атап келсе, бүгінгі күні оның әсем табиғаты мен тамылжыған ауа райына сүйсінген жұртшылық, «Өзендер өрнектеген өлке» деп Бексұлттан

Нұржекеев айтпақшы, туған жердің қасиеті мен абыройын асқақтатып келеді. Иә, сулы жер – нұралы жер. Жанға жайлы, шаруаға аса қолайлы, түгін тартсаң түбіті, шымын тартсаң, шырыны шығатын күйкалы жерге өркім де құмар. Сонымен бірге аймақтың қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны да ішкі миграцияның өркендеуіне әсер етеді. Соңғы жылдары осынау өлкеге туған еліміздің әр түкпірінен қоныс аударушылар саны молая түсуде. Аймақтағы халықтың демографиялық өсуі де облыс тұрғындары санының көбеюіне ерекше ықпал етуде.

Өткен жылы Алматы облысындағы халықтың саны 2 миллионға жетті. Бұл жағымды көрсеткіш жетісулықтардың қуанышын еселеп, үлкен тарихи және рухани оқиға ретінде қабылданды. Нұр-Сұлтанның төрінде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев Жетісудың тұмарындай болған «Жетісу» саябағы жаңартылғанын айта келіп: «Халық – біздің басты байлығымыз. Облыс тұрғындарының саны 2 миллионнан асып, Алматы облысы республикадағы ең ірі аймаққа айналды» деген еді. Иә, мұндағы халық санының өсуі тұрғындардың этностық құрамына да әсер етуде. Қазіргі кезде аймақта 105 этнос өкілі тату-тәтті өмір сүріп, еліміздің өсіп-өркендеуіне үлес қосуда. Олар 71 этномәдени бірлестікке топтастырылып отыр. Аймақтық деңгейде алып қарасак, 26 облыстық, 39 аудандық, 6 қалалық құрылымды ынтымақ пен бірлікті нығайту, ұлттық мемлекеттілікті нығайту идеясын берік ұстана отырып, жалпыұлттық құндылықтарды насихаттауды мұрат тұтуда. Тарихы – ортақ, тағдыры – бір халықтардың береке-бірлігі арқасында облыстың экономикалық-әлеуметтік бағыттардағы көрсеткіштері заман талабына сай жақсарып келеді.

«Ормандағы жұмбақ» саяжай кешенінде Марат Әзілханов алдымен ұйғыр халқының тағамдары, колөнері және ұлттық аспаптары қойылған көрмені тамашалады. Көрмеге қойылған әр заттың тарихымен облыстық және аудандық ұйғыр этномәдени орталығының қызметкерлері таныстырды. Бұл туралы ұйғыр этномәдени орталығының ғимаратында өткен жиында қоғам өкілдері, ұйғыр, славян және дүнген этностарының өкілдері баяндалды.

Расында, дүниеде екі мыңнан артық ұлт бар делінсе, олардың әрбірінің әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, өмірлік ұстанымы, тарихи қалыптасу негізі болады. Басқаларды айтпағанның өзінде, түркітілдес ұлттар тобына жататын бауырлас халықтардың да өз алдына дербес өмір сүру салты мен тарихы бар. Сондықтан әрбір азамат пен азаматша, ең алдымен, өз ұлтының тарихын білуге, дәстүрін ұқыптауға, тілі мен ділін сақтауға міндетті. Өз ұлтын терен сүйметен адамның Отанын сүюі, олін құрметтеуі мүмкін емес.

«Ормандағы жұмбақ» саяжай кешенінде Панфилов аудандық ұйғыр этномәдени орталығының өкілдері Нұр-Сұлтанның келген қонақтарға өздерінің салт-дәстүрі мен қонақжайлылығын, ас мәзірі мен колөнер туындыларын көрсетіп, сон ғасырлық тарих көшіне жұтылып кетпеген кастерлі мәдениетін паш етті. Сол рухани қазынаның бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның тұғырында өзгеше бояумен өркендеп жатқанын да сөз етті. Жалпы ұйғыр ұлтының өзіне ғана тән һәм үлгі ететін көп салт-дәстүрі бар. Бөлекше, дастархан мәзірі де бар. Қолданбалы өнер саласында да ұйғыр ұлтының үлесі мол. Кесте тігу, қыш ыдыстар өндіру, жиһаз жасау жағынан да айрықша талғамға ие. Киіну салтының да өзгешелігі басым. Тұрмыс-салт дәстүрлері қатан сақталады. Музыка және би өнерінде дараланып тұратынын көпшілік

жақсы біледі. Жастар өз бастауларын ұмытпауы керек. Бұл олардың өз ұрпақтарына үлгі ететін, болашаққа еншілейтін бай да мазмұнды,

келісімді сақтауда Ассамблеяның рөлі туралы шексіз айтуға болады. Құрметті ақсақалдардың өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік және



біледі. «Мукам» мен ұйғыр халқының ұлттық биі «Усылды» айта кетсем де жетіп жатыр.

